

**Қазақстан Республикасының тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және
әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілерін 1999/2000 жылдың жылтыу
маусымына дайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 маусым N 715

Тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілерді 1999/2000 жылдың алдағы күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа уақтылы және сапалы дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бір ай мерзім ішінде тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілердің 1999/2000 жылдың алдағы күзгі-қысқы кезеңінде үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін аймақтардың жылу-энергетикалық кешені үйымдарын дайындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлесін және бекітсін, оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) электр станцияларын, қазандықтарды, жылу және электр желілерін, жылтыу және газбен жабдықтау жүйелерін, сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және коммуналдық-тұрмыстық объектілерін күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа уақтылы дайындауды үйлестіру және бақылау жөнінде мүдделі үйымдардың қатысуымен аймақтық жұмыс топтарын құрсын;

3) пәтер иелері кооперативтерінің жылтыу және газбен жабдықтау жүйелерін алдағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау жөніндегі жөндеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу жөніндегі жұмысын үйымдастырысın;

4) тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және өндірістік-әкімшілік мақсаттағы объектілерді жылу энергиясын, сұық және ыстық суды, газды есепке алатын аспаптармен одан әрі жабдықтау жөніндегі жұмысты жалғастырысın;

5) жылу-энергетика кешені үйымдары бүкіл жылтыу маусымында қатты және сұйық отынды, сондай-ақ табиғи газды беріп тұруға берермендермен келісімшарттар жасасқан кезде отынның зандарда белгіленген қажетті нормативтік запастарын қамтамасыз етудің шарттары келісімдерге енгізілуін бақылауды қамтамасыз етсін;

6) 1999 жылдың 1 қазанына дейін аймақтық жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мекемелерінің алынған электр және жылу энергиясы үшін берешектерін толық өтеуін қамтамасыз етсін және энергия өндіретін кәсіпорындарда дайындық жұмыстарын аймақ мекемелерінің ағымдағы жылғы тұтынатын электр ресурстары есебінен жүргізу үшін қаражатты мақсатты тұрғыда бөлудің мүмкіндігін қарастырысın;

7) 1999 жылдың III тоқсаны бойында Қазақстанның энергия өндіруші үйымдарымен және шет елдердің энергия өндірушілерімен, сондай-ақ "Электр желілерін басқару

жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамы "KEGOC"-пен 1999/2000 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде облыстың барлық тұтынушыларын электрмен жабдықтау үшін қажетті электр энергиясы мөлшерін беріп отыруға қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген шарттар жасасу жөніндегі жұмысты үйлестірсін;

8) жылдыту маусымы басталғанға дейін аймақтың қазандықтары мен жылу электр станцияларында отынды қажетті көлемде дайындауды және халықты үйымдастырын.

2. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдеріне 1999/2000 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде аймақтарда үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мақсатында Полтарацқ және Ақыртөбе газ қоймалары үшін газдың жоспарлы түрде беріліп тұруын үйымдастырын.

3. Аймақтардың аумағында орналасқан жылу көздерін, жылу энергиясы мен газды тасымалдау және тұтыну жүйелерін уақтылы дайындау сондай-ақ алдағы жылдыту маусымында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы тұтынушыларын тұрақты жылумен және газбен қамтамасыз ету үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жеке жауапкершілік жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 1999 /2000 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа энергия көздері, электр мен жылу энергиясын тасымалдау желілері дайындалуына бақылау орнатсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1999 жылдың 1 қазанына дейін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің алынған электр және жылу энергиясы үшін берешектерін толық өтеуді қамтамасыз етсін.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1999

жылдың шілде айынан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы ай сайын ақпарат беріп отырын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК